**Қорытынды:** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 12.08.2016 жылғы №604 бұйрығымен бекітілген білім берудің барлық деңгейлеріндегі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының 26-тармағының талаптарына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 20.12.2012 жылғы №557 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының» талаптарына сәйкес келеді.

## **2 параграф.**

**1-Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары:**

**10. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру мазмұнына өлшемшарттар:**

**1) білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің болуы және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 03.08.2022 жылғы №348 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің**

**мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты талаптарына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 08.11.2012 жылғы №500 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – ҮОЖ) сәйкестігі:**

**Талдау нәтижелері:** мектептің оқу процесін ұйымдастыруда оқытудың мемлекеттік Жалпыға міндетті білім беру стандартын орындау және білім беру мекемесі оқушылардың қызығушылығы мен бейімділігін дамытуға мүмкіндік бере отырып, оқу жоспары негізінде жүзеге асырылады. Мектептің оқу жоспары төмендегі нормативтік-құқықтық құжаттарға негізделіп жасалған:

2020-2024 оқу жылында білім беру ұйымдары білім беру процесін ұйымдастыру кезінде «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы», Қазақстан Республикасының Заңдарын басшылыққа алуы және оқу-тәрбие процесін келесі нормативтік- құқықтық құжаттар негізінде жүзеге асыруы тиіс:

- «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) ҚР БҒМ (бұдан әрі – ҚР БҒМ) 31.10.2018 жылғы №604 бұйрығы (өзгерістермен және толықтырулармен 28.08.2020 жылғы №372 бұйрық) <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017669>;
- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 03.08.2022 жылғы №348 бұйрығымен бекітілген Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты;
- «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 03.04.2013 жылғы №115 бұйрығы (өзгерістермен және толықтыруларымен 27.11.2020 жылғы №496 бұйрық) <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1300008424>;
- «Оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық тасымалдау құралдары тізбесін бекіту туралы» (ҚР БҒМ 10.06.2021 жылғы №286 бұйрығы);
- «ҚР БҒМ кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР БҒМ 26.07.2019 жылғы №334 бұйрығы;
- «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 30.10.2018 жылғы №595 бұйрығы;
- «Арнайы білім беру ұйымдары түрлерінің қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 14.02.2017 жылғы №66 бұйрығы;
- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді жан басына нормативтік қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 27.11.2017 жылғы №596 бұйрығы (өзгерістермен 21.09.2018 жылғы № 477 бұйрық);
- «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 22.01.2016 жылғы №70 бұйрығы (өзгерістер мен толықтыруларымен 29.12.2017 жылғы №662 бұйрық);
- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» ҚР БҒМ 27.01.2016 жылғы №83 бұйрығы;
- «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» ҚР БҒМ 06.04.2020 жылғы №130 бұйрығы;
- «Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезеңінде білім беру ұйымдарында оқу процесін іске асыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» ҚР БҒМ 13.08.2020 жылғы №345 бұйрығы;
- «Қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 20.03.2015 жылғы №137 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы ҚР БҒМ 28.08.2020 жылғы №374 бұйрығы;
- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру

ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастырудың және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ міндетін атқарушының 16.05.2008 жылғы №272 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы ҚР БҒМ 02.04.2020 жылғы №125 бұйрығы;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 12.05.2020 жылғы №195 бұйрығына 1-қосымша, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 20.12.2012 жылғы №557 бұйрығына 1-қосымшасы;

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 12.08.2022 жылғы №365 бұйрығымен бекітілген оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған бастауыш, негізгі білім берудің үлгілік оқу жоспарының 1,6-қосымшасы; жаратылыстану-математика бағыты бойынша жалпы орта білім берудің (жаңартылған мазмұнның) үлгілік оқу жоспарының 86-қосымшасы;

- «Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың 2023-2024 оқу жылындағы ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатқа сәйкес жалпы оқу жүктеме мөлшері құрастырылған.

**2020-2021 оқу жылының жұмыс оқу жоспарлары** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 04.09.2018 жылғы №441 бұйрығының 1-4 сыныптарға арналған үлгілік оқу жоспарының 1-қосымшасы, 5-9 сыныптарға 4-қосымшасы, үйде оқытуға 49-қосымшасы және 10-11 сыныптарға 15.05.2019 жылғы №205 бұйрығының 2-қосымшасы (08.11.2012 жылғы №500 бұйрыққа толықтырулар мен өзгерістер енгізілген), 26.03.2021 жылғы №125, 20.08.2021 жылғы №415 бұйрығымен бекітілген МЖМБС талаптарына және үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес келеді.

**2020-2021 оқу жылында бастауыш сыныптардағы оқу жүктемесінің көлемі:**

Сыныптар/ жиынтық-сыныптар	Жалпы білім беру сыныптары		
	Ең көп апталық оқу жүктемесінің көлемі	Инвариантты оқу жүктемесі	Вариантты оқу жүктемесі
1/1	24	22	2
2/2	25	23	2
3/2	29	26	3
4/1	29	26	3
<b>Барлығы 6 сынып жиынтығы</b>	<b>107</b>	<b>97</b>	<b>10</b>

2020-2021 оқу жылында ҮОЖ сәйкес бастауыш сыныптардағы апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі 107 сағатты құрады, оның ішінде инвариантты апталық оқу жүктемесі - 97 сағат, вариативті апталық оқу жүктемесі - 10 сағат. Бастауыш сыныптардағы жылдық Инвариантты оқу жүктемесі - 3298 сағат, вариативті оқу жүктемесі - 340 сағат, жылдық оқу жүктемесінің максималды көлемі - 3638 сағат. Бастауыш буында 6 сынып бар.

**2020-2021 оқу жылындағы негізгі орта білім беру сыныптар бойынша оқу жүктемесінің көлемі:**

Сыныптар/жиынтық-сынып	Инвариантты оқу жүктемесі, сағатпен		Вариантты оқу жүктемесі, сағатпен	
	апталық	жылдық	апталық	жылдық
5 сынып/2	29	986	3	102
6 сынып/1	29	986	4	136
7 сынып/1	32	1088	2	68
8 сынып/2	33	1122	3	102
9 сынып/1	34	1156	4	136
<b>Барлығы 7 сынып жиынтығы</b>	<b>157</b>	<b>5338</b>	<b>16</b>	<b>544</b>

2020-2021 оқу жылында ҮОЖ сәйкес жалпы білім беретін сыныптардағы негізгі мектепте апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі 173 сағатты құрады, оның ішінде инвариантты апталық оқу жүктемесі - 157 сағат, вариативті апталық оқу жүктемесі - 16 сағат. Негізгі орта сыныптардағы жылдық Инвариантты оқу жүктемесі - 5338 сағат, вариативті оқу жүктемесі - 544 сағат, жылдық оқу жүктемесінің максималды көлемі - 5882 сағат. Негізгі орта буында 7 сынып жинақталған.

**2020-2021 оқу жылындағы жаратылыстану-математика бағыттағы жалпы орта білім беру сыныптары бойынша оқу жүктемесінің көлемі:**

Сыныптар/жиынтық- сынып	Инвариантты оқу жүктемесі, сағатпен		Вариантты оқу жүктемесі, сағатпен	
	апталық	жылдық	апталық	жылдық
10 сынып/1	33	1122	6	204
11 сынып/1	33	1122	6	204
<b>Барлығы 2 сынып жиынтығы</b>	<b>66</b>	<b>2244</b>	<b>12</b>	<b>408</b>

2020-2021 оқу жылында ҮОЖ сәйкес жалпы білім беретін сыныптардағы жалпы орта мектепте апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі 78 сағатты құрады, оның ішінде инвариантты апталық оқу жүктемесі – 66 сағат, вариативті апталық оқу жүктемесі - 12 сағат. Жалпы орта сыныптардағы жылдық Инвариантты оқу жүктемесі - 2244 сағат, вариативті оқу жүктемесі - 408 сағат, жылдық оқу жүктемесінің максималды көлемі - 2652 сағат. Жалпы орта буында 2 сынып жинақталған.

**2021-2022 оқу жылының жұмыс оқу жоспарлары** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 20.08.2021 жылғы №415 бұйрығының 1-4 сыныптарға арналған үлгілік оқу жоспарының 1-қосымшасы, 5-9 сыныптарға 6-қосымшасы және 10-11 сыныптарға 31-қосымшасы, үйден оқытуға 04.09.2018 жылғы №441 бұйрығының 49-қосымшасы (08.11.2012 жылғы №500 бұйрыққа толықтырулар мен өзгерістер енгізілген), 26.03.2021 жылғы №125 талаптарына және үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес келеді.

**2021-2022 оқу жылында бастауыш сыныптардағы оқу жүктемесінің көлемі:**

Сыныптар/ жиынтық-сыныптар	Жалпы білім беру сыныптары		
	Ең көп апталық оқу жүктемесінің көлемі	Инвариантты оқу жүктемесі	Вариантты оқу жүктемесі
1/1	22,5	22,5	-
2/2	25	24	1
3/2	27	26	1
4/1	27	26	1
<b>Барлығы 6 сынып жиынтығы</b>	<b>101,5</b>	<b>98,5</b>	<b>3</b>

2021-2022 оқу жылында ҮОЖ сәйкес бастауыш сыныптардағы апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі 101,5 сағатты құрады, оның ішінде инвариантты апталық оқу жүктемесі - 98,5 сағат, вариативті апталық оқу жүктемесі - 3 сағат. Бастауыш сыныптардағы жылдық Инвариантты оқу жүктемесі - 3349 сағат, вариативті оқу жүктемесі - 102 сағат, жылдық оқу жүктемесінің максималды көлемі - 3451 сағат. Бастауыш буында 6 сынып бар.

**2021-2022 оқу жылындағы негізгі орта білім беру сыныптар бойынша оқу жүктемесінің көлемі:**

Сыныптар/жиынтық-сынып	Инвариантты оқу жүктемесі, сағатпен		Вариантты оқу жүктемесі, сағатпен	
	апталық	жылдық	апталық	жылдық
5 сынып/1	29	986	2	68
6 сынып/1	29	986	2	68
7 сынып/2	32	1088	2	68
8 сынып/1	33	1122	2	68
9 сынып/2	34	1156	2	68
<b>Барлығы 7 сынып жиынтығы</b>	<b>157</b>	<b>5338</b>	<b>10</b>	<b>340</b>

2021-2022 оқу жылында ҮОЖ сәйкес жалпы білім беретін сыныптардағы негізгі мектепте апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі 167 сағатты құрады, оның ішінде инвариантты апталық оқу жүктемесі - 157 сағат, вариативті апталық оқу жүктемесі - 10 сағат. Негізгі орта сыныптардағы жылдық Инвариантты оқу жүктемесі - 5338 сағат, вариативті оқу жүктемесі - 340 сағат, жылдық оқу жүктемесінің максималды көлемі - 5678 сағат. Негізгі орта буында 7 сынып жинақталған.

**2021-2022 оқу жылындағы жаратылыстану-математика бағыттағы жалпы орта білім беру сыныптары бойынша оқу жүктемесінің көлемі:**

Сыныптар/жиынтық- сынып	Инвариантты оқу жүктемесі, сағатпен		Вариантты оқу жүктемесі, сағатпен	
	апталық	жылдық	апталық	жылдық
10 сынып/1	33	1122	4	136
11 сынып/1	33	1122	4	136
<b>Барлығы 2 сынып жиынтығы</b>	<b>66</b>	<b>2244</b>	<b>8</b>	<b>272</b>

2021-2022 оқу жылында ҮОЖ сәйкес жалпы білім беретін сыныптардағы жалпы орта мектепте апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі 74 сағатты құрады, оның ішінде инвариантты апталық оқу жүктемесі – 66 сағат, вариативті апталық оқу жүктемесі - 8 сағат. Жалпы орта сыныптардағы жылдық Инвариантты оқу жүктемесі - 2244 сағат, вариативті оқу жүктемесі - 272 сағат, жылдық оқу жүктемесінің максималды көлемі - 2516 сағат. Жалпы орта буында 2 сынып жинақталған.

**2022-2023 оқу жылының жұмыс оқу жоспарында** Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 12.08.2022 жылғы №365 бұйрығымен бекітілген оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 1-4 сыныптарға арналған үлгілік оқу жоспарының 1-қосымшасы; 5-9 сыныптарға 6-қосымшасы; 10-11 сыныптарға 86-қосымшасы; үйден оқытуға 11-тараудың 9-қосымшасы және 10-тараудың 9-қосымшасы; Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 03.08.2022 жылғы №348 бұйрығымен бекітілген МЖМБС талаптарына және үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес келеді.

**2022-2023 оқу жылында бастауыш сыныптардағы оқу жүктемесінің көлемі:**

Сыныптар/ жиынтық-сыныптар	Жалпы білім беру сыныптары		
	Ең көп апталық оқу жүктемесінің көлемі	Инвариантты оқу жүктемесі	Вариантты оқу жүктемесі
1/2	19,5	18,5	1
2/2	24	23	1
3/1	26	25	1
4/2	26	25	1
<b>Барлығы 7 сынып жиынтығы</b>	<b>95,5</b>	<b>91,5</b>	<b>4</b>

2022-2023 оқу жылында ҮОЖ сәйкес бастауыш сыныптардағы апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі 95,5 сағатты құрады, оның ішінде инвариантты апталық оқу жүктемесі - 91,5 сағат, вариативті апталық оқу жүктемесі - 4 сағат. Бастауыш сыныптардағы жылдық Инвариантты оқу жүктемесі - 3275,5 сағат, вариативті оқу жүктемесі - 143 сағат, жылдық оқу жүктемесінің максималды көлемі - 3418,5 сағат. Бастауыш буында 7 сынып бар.

**2022-2023 оқу жылындағы негізгі орта білім беру сыныптар бойынша оқу жүктемесінің көлемі:**

Сыныптар/жиынтық-сынып	Инвариантты оқу жүктемесі, сағатпен		Вариантты оқу жүктемесі, сағатпен	
	апталық	жылдық	апталық	жылдық
5 сынып/1	28	952	0,5	17
6 сынып/1	28	952	0,5	17
7 сынып/2	31	1054	0,5	17
8 сынып/1	32	1088	0,5	17
9 сынып/1	33	1122	1	34
<b>Барлығы 6 сынып жиынтығы</b>	<b>152</b>	<b>5168</b>	<b>3</b>	<b>102</b>

2022-2023 оқу жылында ҮОЖ сәйкес жалпы білім беретін сыныптардағы негізгі мектепте апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі 155 сағатты құрады, оның ішінде инвариантты апталық оқу жүктемесі - 152 сағат, вариативті апталық оқу жүктемесі - 3 сағат. Негізгі орта сыныптардағы жылдық Инвариантты оқу жүктемесі - 5168 сағат, вариативті оқу жүктемесі - 102 сағат, жылдық оқу жүктемесінің максималды көлемі - 5270 сағат. Негізгі орта буында 6 сынып жинақталған.

**2022-2023 оқу жылындағы жаратылыстану-математика бағыттағы жалпы орта білім беру сыныптары бойынша оқу жүктемесінің көлемі:**

Сыныптар/жиынтық- сынып	Инвариантты оқу жүктемесі, сағатпен		Вариантты оқу жүктемесі, сағатпен	
	апталық	жылдық	апталық	жылдық
10 сынып/1	32	1088	3	102
11 сынып/1	32	1088	3	102
<b>Барлығы 2 сынып жиынтығы</b>	<b>64</b>	<b>2176</b>	<b>6</b>	<b>204</b>

2022-2023 оқу жылында ҮОЖ сәйкес жалпы білім беретін сыныптардағы жалпы орта мектепте апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі 70 сағатты құрады, оның ішінде инвариантты апталық оқу жүктемесі - 64 сағат, вариативті апталық оқу жүктемесі - 6 сағат. Жалпы орта сыныптардағы жылдық Инвариантты оқу жүктемесі - 2176 сағат, вариативті оқу жүктемесі - 204 сағат, жылдық оқу жүктемесінің максималды көлемі - 2520 сағат. Жалпы орта буында 2 сынып жинақталған.

**2023-2024 оқу жылының жұмыс оқу жоспарында** Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 18.08.2023 жылғы №264 бұйрығымен бекітілген оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 1-4 сыныптарға арналған үлгілік оқу жоспарының 1-қосымшасы; Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 12.08.2022 жылғы №365 бұйрығымен бекітілген оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 5-9 сыныптарға 6-қосымшасы; 10-11 сыныптарға 86-қосымшасы; үйден оқытуға 10-тарауы; Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 03.08.2022 жылғы №348 бұйрығымен бекітілген МЖМБС талаптарына және үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес келеді.

**2023-2024 оқу жылында бастауыш сыныптардағы оқу жүктемесінің көлемі:**

Сыныптар/ жиынтық-сыныптар	Жалпы білім беру сыныптары		
	Ең көп апталық оқу жүктемесінің көлемі	Инвариантты оқу жүктемесі	Вариантты оқу жүктемесі
1/1	19,5	18,5	1
2/2	24	22	2
3/2	26	25	1
4/1	26	25	1
<b>Барлығы 6 сынып жиынтығы</b>	<b>95,5</b>	<b>90,5</b>	<b>5</b>

2023-2024 оқу жылында ҮОЖ сәйкес бастауыш сыныптардағы апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі 95,5 сағатты құрады, оның ішінде инвариантты апталық оқу жүктемесі - 90,5 сағат, вариативті апталық оқу жүктемесі - 5 сағат. Бастауыш сыныптардағы жылдық Инвариантты оқу жүктемесі - 3058,5 сағат, вариативті оқу жүктемесі - 169 сағат, жылдық оқу жүктемесінің максималды көлемі - 3227,5 сағат. Бастауыш буында 9 сынып бар.

**2023-2024 оқу жылындағы негізгі орта білім беру сыныптар бойынша оқу жүктемесінің көлемі:**

Сыныптар/жиынтық-сынып	Инвариантты оқу жүктемесі, сағатпен		Вариантты оқу жүктемесі, сағатпен	
	апталық	жылдық	апталық	жылдық
5 сынып/2	28	952	0,5	17
6 сынып/1	28	952	0,5	17
7 сынып/1	31	1054	0,5	17
8 сынып/2	32	1088	0,5	17
9 сынып/1	33	1122	1	34
<b>Барлығы 7 сынып жиынтығы</b>	<b>152</b>	<b>5168</b>	<b>3</b>	<b>102</b>

2023-2024 оқу жылында ҮОЖ сәйкес жалпы білім беретін сыныптардағы негізгі мектепте апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі 155 сағатты құрады, оның ішінде инвариантты апталық оқу жүктемесі - 152 сағат, вариативті апталық оқу жүктемесі - 3 сағат. Негізгі орта сыныптардағы жылдық Инвариантты оқу жүктемесі - 5168 сағат, вариативті оқу жүктемесі - 102 сағат, жылдық оқу жүктемесінің максималды көлемі - 5270 сағат. Негізгі орта буында 7 сынып жинақталған.

**2023-2024 оқу жылындағы жаратылыстану-математика бағыттағы жалпы орта білім беру сыныптары бойынша оқу жүктемесінің көлемі:**

Сыныптар/жиынтық- сынып	Инвариантты оқу жүктемесі, сағатпен		Вариантты оқу жүктемесі, сағатпен	
	апталық	жылдық	апталық	жылдық
10 сынып/1	32	1088	3	102
11 сынып/1	32	1088	3	102
<b>Барлығы 2 сынып жиынтығы</b>	<b>64</b>	<b>2176</b>	<b>6</b>	<b>204</b>

2023-2024 оқу жылында ҮОЖ сәйкес жалпы білім беретін сыныптардағы жалпы орта мектепте апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі 70 сағатты құрады, оның ішінде инвариантты апталық оқу жүктемесі - 64 сағат, вариативті апталық оқу жүктемесі - 6 сағат. Жалпы орта сыныптардағы жылдық Инвариантты оқу жүктемесі - 2176 сағат, вариативті оқу жүктемесі - 204 сағат, жылдық оқу жүктемесінің максималды көлемі - 2520 сағат. Жалпы орта буында 2 сынып жинақталған.

4 жыл ішіндегі оқу жұмыс жоспарларымен сабақ кестелерінің көшірмелері ұсынылды. Сабақ кестесін мектеп директоры мен кәсіподақ ұйымы төрайымы бекітті және МЖМБС талаптарына сәйкес келеді. Негізгі кестеге элективті курстар кестесі қоса енгізілген, оқу жоспарында көрсетілген курс атаулары толық сәйкес келеді. 2020-2021, 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарына арналған оқу жоспарлары Үржар аудандық білім бөлімінің әдістемелік кабинетінде қаралып, бекітілді.

**Қорытынды:** 2023-2024 оқу жылының жұмыс оқу жоспарында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 18.08.2023 жылғы №264 бұйрығымен бекітілген оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 1-4 сыныптарға арналған үлгілік оқу жоспарының 1-қосымшасы; 12.08.2022 жылғы №365 бұйрығымен бекітілген оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған үлгілік оқу жоспарының 6-қосымшасы; 86-қосымшасы; Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 03.08.2022 жылғы №348 бұйрығымен бекітілген өзгерістер мен толықтырулармен ҚР БҒМ 08.11.2012 жылғы №500 бұйрығының талаптарына сәйкес.

**2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №8424 болып тіркелген) жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына (бұдан әрі – ЖББ үлгілік оқу бағдарламалары) сәйкес жүзеге асырылатын инвариантты компонент пәндерінің базалық мазмұнын игеру:**

**Талдау нәтижелері:** мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты негізінде жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу жоспарына сәйкес жүзеге асырылады. Бағаланатын кезеңде оқушылар контингентінің сақталуы және сапалы оқу жетістігінің көрсеткіші бойынша оң динамика байқалады. Мектеп бойынша білім сапасы 2020-2021 оқу жылы - 60%, 2021-2022 оқу жылы - 61%, 2022-2023 оқу жылы - 62%

**Ең жоғарғы және ең төменгі білім сапасын көрсеткен пәндер:**

Оқу жылы	Білім сапасы	Ең жоғарғы білім сапасын көрсеткен пән	Ең төменгі білім сапасын көрсеткен пән
2020-2021 оқу жылы	62%	Қазақ тілі – 81% Қазақ әдебиеті - 81%	Физика - 58%
2021-2022 оқу жылы	64%	Қазақ әдебиеті - 79%	Математика - 54%
2022-2023 оқу жылы	66%	Информатика - 79%	Физика - 54%

Жоғары білім сапасы қазақ тілі, қазақ әдебиеті, информатика пәндерінде байқалады. Бастауыш сыныптар бойынша жоғары нәтижені жаратылыстану - 83%, әдебиеттік оқу - 72% көрсетуде.

2020-2021, 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары мектеп «Kundelik.kz» электронды журнал бойынша жұмыс істейді. Келісім бойынша 20МБит/с жылдамдық берілуі керек, алайда кей

күндері аз жылдамдықпен жұмыс істеу болады. Үйден оқыту «Kundelik.kz» сайтында жүктелген. «Kundelik.kz» электронды журналы уақытында толтырылып отырылады.

**Қорытынды:** «Kundelik.kz» электронды журналын толтыру ҚР БҒМ 16.09.2021 жылғы №472 бұйрығының 1-қосымшасына және КТП бөлімінде «Kundelik.kz» журналын толтыру қағидаларына сәйкес.

**3) Білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпы адамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру:**

(бағаланатын кезеңге тәрбие жұмысы жоспарының көшірмесі қоса беріледі);

**Талдау нәтижелері:** Тәрбие жұмысын жүргізуде нормативтік-құқықтық құжаттармен қоса 2020-2021 оқу жылында ҚР Білім және ғылым министрінің 22.04.2015 жылғы №227 бұйрықпен бекітілген «Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері»; 2021-2023 оқу жылдарында ҚР Білім және ғылым министрінің 15.04.2019 жылғы №145 бұйрықпен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері» және «Үржар аудандық білім бөлімінің тәрбие жұмысының жылдық жоспары» негізінде «Білім беру ұйымдарындағы тәрбиенің ерекшеліктері туралы» әдістемелік ұсынымдар мен нұсқаулықтар талаптарына сәйкес 2020-2023 жылдарға арналған тәрбие жұмысын іске асыру жоспарында келесі бағыттар көрсетілген:

- ✓ Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие;
- ✓ Рухани-адамгершілік тәрбие;
- ✓ Ұлттық тәрбие;
- ✓ Отбасы тәрбиесі;
- ✓ Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие;
- ✓ Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие;
- ✓ Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі;
- ✓ Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты.

Жоғарыда аталған бағыттар бойынша жұмыстар атқарылған.

2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша Мемлекеттік құзырлы органдармен бірлескен 2023- 2024 оқу жылына арналған КЕШЕНДІ ЖОСПАР» негізінде тәрбиенің 3 құндылығы негізге алынған:

- ✓ Ұлттық мүдде құндылығы;
- ✓ Ар-ұят құндылығы;
- ✓ Талап құндылығы.

Тәрбие жұмысының жоспарларына талдау жасалынып, алдағы оқу жылының мақсаты мен міндеттері көрсетілген. Сынып жетекшілер әдістемелік бірлестігінің хаттамалары қоса берілді.

Мектеп барлық уақытта әлеуметтік құзыреттіліктері қалыптасқан, рухани дәрежесі биік, көпмәдениетті, парасатты, патриоттық және құқықтық санасы жетілген, бәсекелестікке қабілетті, салауатты өмір салтын ұстанатын жас ұрпақты тәрбиелеуде жұмыстар жүргізіп келеді. Осы тұрғыда мектептегі сынып жетекшілердің атқаратын жұмыстарының маңызы да, міндеті де зор. Жыл бойы өткізілген іс-шаралар оқушыларды жеке тұлға ретінде жетілдіруге, оқушының өзіндік іс әрекетін қалыптастыруға бағыттаған. Әрбір өткізілген іс-шаралар белгілі бір тәрбие көздеріне бағытталған жек тұлғаның ізгілік пен жақсылық, мейірімділік пен қайырымдылық, адалдық пен әділдік сияқты барлық адами құндылықтарының қалыптасуына негіз бола алады. Міне, осы негізде оқушылардың дүниетанымын дамыту мақсатында тәрбие тұжырымдамасының бағыттарын басшылыққа ала отырып, төмендегідей жұмыстар жүргізіліп келеді.

2023-2024 оқу жылында тәрбие жұмысын ұйымдастыруда алдыға қойған мақсат: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша Мемлекеттік құзырлы органдармен бірлескен 2023-2024 оқу жылына арналған КЕШЕНДІ ЖОСПАРЫН жүзеге асыру; Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу-тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдерінен құрылып, тәрбие жұмысындағы барлық ынталы тараптар: отбасы, білім беру ұйымдары, қоғамның кең

ауқымда қатысуымен кешенді түрде жұмыс жүргізу; білім мазмұнын жаңарту жағдайында балалар мен оқушы жастарды тәрбиелеудің идеологиясы мен стратегиясын анықтау; Қазақстан Республикасының азаматтары және патриоттары ретінде қалыптасуы мен өзін-өздері танытуларына, әлеуметтенуіне, болашақ мамандық иесі болып, кәсіби, интеллектуалды және әлеуметтік шығармашылыққа жетуіне оңтайлы жағдай жасау; адами капиталдың сапасын жақсарту мақсатында жастар патриотизм тәрбиелеуге және мұғалімдердің сана-сезімін жаңғыртуға аса мән беру; жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу. «Ұлттық рухы биік, адамгершілігі жоғары, салауатты өмір салтын ұстанатын, елінің өткенін құрмет тұтып, ертеңіне өз үлесін қосуды парызым деп білетін жан-жақты білімді, қабілетті, жаңашыл тұлға қалыптастыру» атты өзекті тақырыбы негізінде білім мазмұнын жаңарту жағдайында ұлттық құндылықтарын қазіргі таңның мәдени жетістіктерімен ұштастыру арқылы жүзеге асыруда төмендегідей міндеттерді шешуге жұмыс жүйесі бағытталды:

- ✓ ата-ананың өсиетін тындауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу;
- ✓ ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу;
- ✓ жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру;
- ✓ денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу;
- ✓ табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Бұл міндеттер төмендегі бағыттар бойынша жүзеге асырылды:

1. Сынып жетекшілермен жұмыс (сынып жетекшілердің озық тәжірибелерін оқып үйрену, тәрбие жұмыстарын жаңа технологияларға сүйене отырып жоспарлау, нәтижелілікті болжау);
2. Оқушылардың мектептегі өзін-өзі басқару ұйымымен жұмыс (ұйымдастырушылық және шығармашылық қабілеттерін дамыту);
3. Оқушылармен жұмыс (тәрбиенің негізгі құндылықтарымен, оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру);
4. Ата-аналармен жұмыс (мектеп пен ата-аналардың өзара байланысын күшейту, ата-аналарға педагогикалық қолдау орталығының қызметін ұйымдастыру, ата-аналар кештерін, ашық есік күндерін, тренингтер өткізу);

**2020-2024 оқу жылдарында «Жас Ұлан» мен «Жас Қыран» ұйымдарына қабылданған оқушылар саны**

Ұйым атауы	2020-2021 оқу жылы	2021-2022 оқу жылы	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы
«Жас Қыран»	15	30	30	24
«Жас Ұлан»	28	17	25	30

Әр оқу жылының басында сынып жетекшілер жылдық тәрбие жұмысының жоспарын бекітумен бастайды. Жыл басында мөлтек аудандар бойынша әр оқушының әлеуметтік жағдайын жан-жақты зерттей отырып, оқушылардың әлеуметтік демографиялық мінездемесін анықтайды. Диагностика нәтижесінде жүргізілген мақсатқа сәйкес тәрбие мазмұнын анықтай отырып, оқушылар бойында жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған жұмыстар жүргізіліп отырады.

**2020-2023 оқу жылдарында тәрбие жұмысы 8 бағытта іске асырылған:**

**1. Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие** бағыты бойынша оқушылардың бойында патриотизм сезімін, құқықтық және азаматтық сана-сезім, тұлғалық еркіндік құндылығын, зорлық-зомбылық пен агрессияға жол бермеу, меншік пен материалдық молшылық құндылығын, еңбекті құрметтеу, өмірге деген құрмет сезімін, түрлі кемсітушілікке жол бермеу, адамдардың теңдік құқығы идеясының принципін қалыптастыру мақсатын көздейді.

Әр оқу жылы көлемінде Қазақстандағы патриотизм мен азаматтық тәрбие бағыты бойынша жүйелі іс-шаралар өткізіледі. Қазақстанның Тәуелсіздік жылдардағы жетістіктерін насихаттау, оқушылардың патриоттық сезімдерін, азаматтық жауапкершіліктерін қалыптастыру мақсатында оқушыларға түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

«Қатыгездік пен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» атты республикалық ақпараттық науқаны аясында өтілетін іс-шаралар жоспары жасалынып, жоспарға сәйкес пікірсайыстар, рейдтік іс-шаралар, бірыңғай тәрбие сағаттары өткізілді.

«1-желтоқсан - Тұңғыш Президент күніне» арналған онкүндік жоспары құрылып, 1-11 сыныптарда іс-шаралар ұйымдастырылды: 5-11 сынып оқушылары арасында саптық шеру; 1-4 сыныптарда «Елбасы – мақтанышым, бәйтерегім» атты ертеңгілік; кітапханада «Елбасының еңбек жолы» атты кітап көрмесі; 1-6 сыныптар арасында «Менің Елбасым» атты сурет көрмесі; «Елбасы - кемеңгер көшбасшы» атты кешпен онкүндік қорытындыланды.

Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арналған «Тәуелсіздік - тірегімі!» тақырыбында іс-шаралар жоспары жасалып, өткізілді: кітапханада «Желтоқсанда жанған алау» атты кітап көрмесі; 1-6 сыныптар арасында «Менің Қазақстаным» тақырыбында сурет байқауы; 7-11 сыныптар арасында «Тәуелсіздік аманаты бабамның» тақырыбында поэзия кеші ұйымдастырылды.

Атаулы мемлекеттік мерекелер, «ҚР-ның Конституциясы» күні, «Білім күніне» арналған «Терең білім, еңбекқорлық және отаншылдық қасиет» тақырыбында сынып сағаттары, «7-мамыр - Қазақстан қарулы күштерінің құрылған күні», «9-мамыр - Ұлы Жеңіс күніне» арналған іс-шаралар жоспары құрылып, (бірыңғай тәрбие сағаттары, кездесулер, дөңгелек үстел, пікірталастар) өткізілген. Бейнероликтер, челленджер ұйымдастырылды. Республикалық бірыңғай «Жас Ұлан» және «Жас Қыран» жасөспірімдер ұйымдары қатарына салтанатты қабылдау рәсімі «Ұланымыз ұлы елдің» тақырыбында өткізілді. Ұйым мүшелері Отанына адал, еңбекқор, Отанының тәуелсіздігі мен бостандығы үшін күресуші екенін айтып, Жас Ұлан ұйымының Қазақстан Республикасының туының түсіндей галстук және төсбелгілері туралы насихаттап, ұйымға оқушыларды қабылдау салтанатты жиын түрде өткізілді. «25-қазан - Республика күніне» арналған «Қазақстан - Республика менің» атты іс-шаралар жоспары жасалып, шығармалар байқауы, жиын, 1-11 сыныптар арасында патриоттық әндер байқауы, сынып сағаттары, «Ал, кәнеки, қыздар!» сайысы, «Жас Ұландар» әскери патриоттық сайыстары ұйымдастырылды.

**2. Рухани-адамгершілік тәрбиесі** бағыты бойынша жас ұрпақтың бойында адамгершілік келбеті, адамгершілік сана, құндылық сезімдері мен қасиеттері – ізгілік, ар-ождан, намыс, парыз, сенім, жауапкершілік, бауырмалдық, мейірімділік, адалдық, ынтымақтастық, ұлтаралық келісім, толеранттылық туралы түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, оқушы бойына рухани-адамгершілік құндылықтар қалыптастырады.

Волонтерлік білім алушылардың адами әлеуетін ашуға, адамгершілікті тәрбиелеуге және әлеуметтік тәжірибені дамуға ықпал етеді. Осы орайда мектепте «Еріктілер» ұйымы жұмыс жасайды. Мектебіміздегі «Еріктілер» ұйымының мүшелері «Қарттарым - қазынам» қайырымды істер марафоны аясында жалғызбасты қарттарымызға өз көмектерін көрсетеді.

Мектепте «Адал ұрпақ», «Қамқорлық», «Қайырымдылық», «Жүректен жүрекке» акциялары ұйымдастырылып, аз қамтылған көпбалалы отбасы балаларына көмектер жоспарға сай ұйымдастырылып, есебі жасалып отырады.

«1-қазан - Қарттар мен мүгедектер күні», «1-наурыз - Алғыс айту күніне» орай жоспар жасалып, ауылдағы қарттарға, ардагер ұстаздарға құттықтаулар ұйымдастырылады.

Мектебімізде «Ұстазды ұлықтау - үлкен мәртебе» атты ұстаздар күніне байланысты апталық аясында «Ұстаздарға тағзым», «Ұстазыңды құттықта» акциясы «Ұстаз - ұлы есім» атты тәрбие сағаттары ұйымдастырылды.

Оқу жылы көлемінде сынып жетекшілер оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып «Достық, бірлік пен ынтымақ негізі», «Өмірін игі істерге арнаған адамдар» тақырыптарында тәрбие сағаттары ұйымдастырылды.

**3. Ұлттық тәрбие** бағыты бойынша «Мәңгілік Ел», «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыруда талапқа сай жұмыстар атқарылды. Іске асыру механизмдері сабақтар, оқу пәндерінде, қосымша білім беруде, сабақтан тыс іс-әрекеттерге жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар кіріктірілді. «Мәңгілік Ел» жобасы аясында акциялар, ҚР Елтаңбасы, Туы, Гимнін,

мемлекеттік тілді, қазақ халқының мәдениеті мен дәстүрлерін, Қазақстан тарихын білу бойынша фестивальдер және байқаулар өткізілді, өлкетану жұмыстары атқарылды.

Салт-дәстүр жас ұрпақты тәрбиелеуде, ұлттық сана-сезімді қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. **«Ұлттық салт-дәстүр - ұлттық қазынамыз», «Ұлттық ойын халық мұрасы», «Әз Наурыз»** мерекелік іс-шаралар, сурет байқауы, дөңгелек үстелдер ұйымдастырылды.

«Жас Дарын» өзін-өзі басқару ұйымының бағыты бойынша **«Мейірімділік – асыл қасиет»** пікіралмасу, Д.Нүрпейісованың туғанына 160 жыл толуына байланысты 8-10 сыныптар арасында «Күй анасы - Дина Нүрпейісова» атты шығармашылық кеш; Ы.Алтынсариннің туғанына 180 жыл толуына орай **«Дала жұлдызы - Ыбырай Алтынсарин»** атты жоба қорғау; «Семей ядролық полигонының жабылуына - 30 жыл» атты 9-11 сыныптар арасында тәрбие сағаты өткізілді.

**1. Отбасы тәрбиесі** бағыты бойынша «15 қыркүйек - Отбасы күніне» орай **«Отбасы - бақыт мекені»** атты іс-шаралар жоспары жасалынып, 1-11 сыныптарда **«Әкем, шешем және мен – ынтымақпен, бірлікпен»** атты сынып сағаттары, **«Барлық аналарға арналады»** атты қолөнер көрмесі, бейнероликтер байқауы, отбасылық спорттық сайыстар, 5-8 сынып оқушыларының қатысуымен **«Әке отбасының тірегі»** атты әкелер конференциясы; **«Мектеп және отбасы ынтымақтастығы»** атты дөңгелек үстел; 9-11 сынып оқушыларының әкелері арасында **«Сіз қандай ата-анасыз?»** тақырыбында тренинг; 9-11 сынып қыздары мен олардың аналары арасында **«Өнерлі қыз, өнегелі ана»** тақырыбында сұқбат өткізілді. Отбасындағы салауаттылық - өркениетті қоғамның талабы, өйткені ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан дәстүрлер мен мұраттар отбасында дамып қалыптасады десек алдағы уақытта отбасылық тәрбие бағытындағы тәрбие жұмыстары жалғаса бермек.

**2. Еңбек, экономикалық, экологиялық тәрбиесі** бағыты бойынша мектеп оқушыларды еңбекке баулу негізінде оқушыларды шығармашылыққа баулуға әкеледі. Мектептің айналасын абаттандыру, ағаштарды отырғызу, мамыр-қыркүйек айларында әрбір жұма сайын сенбілік, көгалдандыру жұмыстары жүргізіледі. Мектебімізде «Еріктілер» ұйымы жұмыс атқарады. Ұйымның мүшелері ауылдағы жалғызбасты қарт ата-апаларымызға көмектеседі. Ұл балалар отын жарып, көмірін кіргізіп, суын тасып берсе, қыз балалар үйін жинасып, басқа да көмек қажет болса қол ұшын беруге дайын. «Еңбек» бағыты бойынша «1-қазан - Қарттар күніне» орай **«Қарттарым - асыл қазынам»** атты мерекелік кеш ұйымдастырылды. Ай сайын ауылдағы жалғызбасты қарияларға «Еріктілер» тобы барып көмек көрсетіп отырады. 5-10 сыныптар арасында **«Қайырымдылық – қайырлы іс»** атты іс-шара ұйымдастырылды.

Оқушылар мектеп өміріндегі өткізілетін іс-шараларға белсенділікпен қатысып отырады. Бұл оқушылардың адамзаттық құндылықтарымен, қоғам өмірінің нормаларымен және дәстүрлерімен, рухани-адамгершілік және этникалық қағидаларын, қасиеттерін, ұстанымдарын бойына сіңіруде өзіндік үлес тигізеді. Мектеп ауласын тазарту, жандандыру, шырша егу жұмыстарына да өз көмектерін аямады.

**3. Көпмәдениетті, көркем эстетикалық тәрбие** бағыты бойынша оқушының тұлғалық қасиеті, әлеуметтік қарым-қатынасы, өзіне тән тәртіп стилі, шығармашылық пен дербестікті дамытуға, белсенді өмір ұстанымына тәрбиелеу негізгі мақсаты мен міндеті болып табылады. Тәрбиенің бұл үрдісінде оқушыларға әсемдік әлемінің сырын түсіну, олар туралы білімдерін қалыптастыру, танымы кеңейіп, рухани құндылықтарды, әсемдік пен көркем мәдениет арқылы қалыптастыру болып табылады. 5-8 сыныптар арасында «Мектеп Аруы» байқауы; «Әз Наурыз» апталық аясында «Көрісу», «Ұлттық тағамдар», «Жоралғы», «Игі істер» күндері аталып өтті.

**4. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі** бағыты бойынша оқушылардың өзін-өзі дамытуы, өздігімен білім алуы, өзін-өзі жетілдіруі үшін психологиялық және практикалық дайындығын қалыптастыру негізгі мақсат. Оқытудың өзіндік стилін қалыптастыру, алған білімін жаңа жағдайларға алмастыру, білігін дамыту, әлемнің тұрақты түрде өзгермелі жағдайларына тез бейімделудің ортақ қабілеттерін қалыптастыру негізгі міндеттерін айта өтсек: оқушылардың зияткерлік дамуы үшін жағдай жасау, танымдық түрткілерді дамыту, ойлау қызметінің біліктерін дамыту, әрбір тұлғаның жеке-шығармашылық қабілеттерін дамыту, тұрақты түрде қазіргі ғылыми білімге ұмтылысын қалыптастыру, білімді меңгеру процесінде зияткерлік мәдениет қалыптастыру, білімнің құндылығын, зияткерлік позицияның құндылығын, әр тұлғаның көшбасшылық қасиеттері

мен дарындылығы құндылығын, ал ақпараттылық мәдениеті - кибермәдениетті және кибергигиенаны қалыптастыру, білім алушының эмоциялық зияткерлігін қалыптастыру,

«Руханият» дебаттық клубтың жоспары негізінде «**Ауылда тұрудың үш артықшылығы**», «**Балалар және интернет**», «**Сен патриотсың ба?**», «**Бүгінгі заманның құндылығы неде?**» атты пікірталастар; «Сөз мерген» сайысы өткізіліп, оқушылардың зияткерлік қабілеттерін дамытуға арналған шаралар ұйымдастырылды.

1. **Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты тәрбиесі** бағыты бойынша салауатты өмір салты, дене тәрбиесі мен спорт, физикалық жетілдіру, өз денсаулығына жауапкершілікпен қарау құндылығын қалыптастыру бойынша жүргізілген іс-шаралар: «**Денсаулық**» фестивалі; жаздық және қыстық спорт түрлерінен жарыстар ұйымдастырылды. «**Дұрыс тамақтану - денсаулық кепілі**», «**Денсаулық – зор байлық: бүгінгі пікір қандай?**», «**Бақыт дегеніміз - денсаулық**», «**Кәмелетке толмаған қыздар арасында жүктіліктің алдын алу**» тақырыптарында жүргізілген іс-шараларда қазіргі таңдағы өзекті мәселенің бірі ерте жүктіліктің алдын алу бағытында жоспар жасалынып, қыз балалармен жұмыс алдыңғы қатарға қойылды. Жоспар бойынша 8-11 сынып қыздар арасында ерте жыныстық қатынасқа түсудің зияны туралы кездесу (дәріс) өткізілді. Кездесуге Бестерек ауылдық аурухана дәрігері Ф. Абдрахманова жасөспірімдер арасындағы адамгершілік - жыныстық тәрбиеге қатысты, кәмелетке толмаған қыздар арасындағы ерте жүктіліктің алдын алу бойынша қыз балаларға дәріс оқып, мектеп психологі К.Т. Рахимбаева жасырын сауалнама алды.

**2023-2024 оқу жылында тәрбие жұмысы үш құндылық негізінде іске асырылуда:**

**Қыркүйек - БІЛІМ АЙЫ:**

Жаңа оқу жылының басталуы қарсаңында білім алушылардың бойында білімнің басымдылығы мен маңыздылығын және жағымды көңіл-күй, оң көзқарас қалыптастыру мақсатында «1-қыркүйек - Білім күніне» орай «**Мектеп – мейірім мекені**» тақырыбында өткен

«**Алғашқы қоңырау**» салтанатты жиыны өз мақсатына жеткен. Салтанатты жиын білім алушылардың бойында оқуға құштарлыққа ұмтылысын қалыптастыру; білім алушылардың бойына отаншылдық, құрмет және азаматтық сана құндылықтарын дарыту; өзара құрмет пен түсіністікке негізделген мектеп мәдениетін қалыптастыруды көздейді. 1-8 сыныптарда «**Сәлем, жаңа оқу жылы!**» тақырыбында, 10-11 сыныптарда Абайдың «**Толық адам ілімі**» тақырыбында бірыңғай тәрбие сағаттары өткізілген.

1-9 сыныптар арасында «**Жолда жүру ережелерін білесің бе?**» тақырыбындағы тәрбие сағаттарында сынып жетекшілер оқушыларға жолда жүру ережелерін таныстырып, «жолда жүру ережелерін сақтау - қауіпсіз қозғалыс кепілі» екендігін түсіндірген.

«Өзіңе және өзгеге жақсылық жаса» жобасы бойынша «**Мектеп - мейірбандық мекені**» тақырыбында қайырымдылық акциясы өткізіліп, акция барысында аз қамтылған отбасы балаларына 10000 (он мың) теңге көлемінде заттай көмек көрсетілген.

«22-қыркүйек – Тілдер мерекесіне» орай «**Ұлы даланың – ұлтаралық тілі**» мемлекеттік тілді оқытудың озық әдіс-тәсілдерін көрсету ашық тәрбие сағаты, бірыңғай диктант жазу, Абай, Мағжан өлеңдерін мәнерлеп оқу сайысы, «**Тіл - болмыс айнасы**» атты зияткерлік сайыс, «**Туған тілім - бабам тілі, өз тілім**» атты челленджі ұйымдастырылған.

1-9 сыныптарда «**Адал азамат - әділетті Қазақстан**», 10-11 сыныптарда «**Ел бүгіншіл, менікі ертеңгі үшін**» тақырыптарында «**Адалдық сағаттарында**» оқушыларға адалдық, ар-ұят ұғымдары түсіндіріліп, адамгершіліктің аса маңызды талаптарын бейнелейтін асыл қасиет ұғымы және 1-4 сыныптарда «**Ізгілікке қалам тартқан жас ғұмыр**» атты кітапхана сағаттарында оқушылар балалар әдебиеті жазушыларының шығармашылығымен таныстырылған.

«15-қыркүйек - Отбасы күніне» орай отбасы тәрбиесінде ата-ананың балаға тәрбиелік ықпалын арттыру, бала тәрбиесінде ата-ананың алатын орнының ерекше екенін түсіндіру мақсатында өткізілген «**Бақытты отбасы**» сурет көрмесі, «**Біз бақытты отбасымыз**» тақырыбында эссе байқауы, «**Отбасым - бақыт мекенім**» бейнероликтер байқауы, «**Отбасым - менің қуатым**» атты челлендж ұйымдастырылып, отбасылық дәстүрлер дәріптелген.

Жалпы ата-аналар жиналысында «**Жаңа оқу жылының ерекшеліктері**» тақырыбында ата-аналарға жаңа оқу жылының ерекшеліктері туралы, ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы құрылып, жұмыс атқаратыны туралы айтылып, ұйымдастырылатын шаралар бойынша түсіндірме жұмысы жүргізілген.

«**Жеткіншектің жеті жарғысы**» жобасы аясында «**Кітапқа жазылмаған тарих**» атты Ерлік сабақтарында оқушыларға туған жерін, елін, Қазақстанның Қарулы күштеріне деген

патриоттық сезімін қалыптастыру мақсатында халық батырлары дәріптеліп, олардың ерліктері насихатталған.

«**Қожа Ахмет Ясауидің хикмет ілімі**» тақырыбында Қожа Ахмет Ясауидің туғанына 930 жыл толуына орай тәрбие сағаттарында қазақ халқының байырғы мәдениетінің тарихында айрықша орны бар ерекше тұлға туралы, оның ілімі туралы мағлұмат берілген.

Салауатты өмір салтын насихаттау және нашақорлық пен есірткі бизнесіне қарсы күрес мақсатында мектепте әр ауысымның алдында оқушылардың дене сергіту жаттығуларын жасау ұйымдастырылған. Оқушылар 8 қыркүйек күні сағат 12.00-де бірыңғай дене сергіту жаттығулар челленджіне қатысқан.

### **Қазан – АЛАШ АЗАМАТТАРЫН ҰЛЫҚТАУ АЙЫ:**

«1-қазан - Қарттар күніне» орай үлкенді сыйлау, құрметтеу сезімдерін арттыру, өз ата- әжелеріне құрмет көрсету мақсатында «**Қарттарым - асыл қазынам**» атты іс-шаралар жоспары негізінде «**Қарттарым - асыл қазынам**» тақырыбында «Ауыл күніне» арналған мерекелік бағдарлама; 1-4 сынып оқушылары арасында «Менің атам-әжем» атты сурет көрмесі, 5-8 сынып оқушылары арасында «**Ата-әжеге арнау**» және 9-11 сынып оқушылары арасында «**Менің атам**» атты видеороликтер көрмесі өткізілген.

Отбасылық кітап оқу дәстүрін жаңғырту, оқырмандардың жан-дүниесінде рухани ізгілікті қалыптастырып, ата-ана мен мектеп арасындағы байланысты дамыту, оқырман отбасын анықтау мақсатында бастауыш сынып оқушылары мен ата-аналары арасында өткен «**Бір отбасы – бір кітап**» акциясы өз мақсатына жеткен.

Оқушылар бойында туған жеріне, еліне, отанына деген сүйіспеншілікпен бірге оған қызмет ету, табиғат байлықтарын арттыруға атсалысуға шақыру мақсатында «**Ұлы дала перзентімін**» тақырыбында эссе, презентация, видеороликтер көрмесі өткізілген. Көрмеде оқушылар өз ойларын анық көрсетіп, отанға деген сезімдерін айқын жеткізе білген.

«**Оқуға құштар мектеп**» жобасы аясында оқушылар бойында кітап оқу құштарлығын оятып, қызықты кітаптарды оқуға ұсыну мақсатында «**Жақұты барға жасын түспейді**» тақырыбында 5-8 сынып оқушылары арасында іс-шара өткізілді. Мектеп кітапханашысы Г.А. Бестибекованың ұйымдастыруымен өткен шарада оқушыларға Мұқағали Мақатаевтың, Мағжан Жұмабаевтың өлеңдер жинағы таныстырылып, оқушылар ақындар өлеңдерін мәнерлеп оқыған.

Оқушылардың бойында ісіне жауап беру, болашаққа жоспар құру дағдыларын қалыптастыру мақсатында 1-9 сынып оқушылары арасында мектеп психологының ұйымдастыруымен өткен «**Кідіріс жасап, айналаңа қара. Өткенді сараптап, келер күнді бағамда**» психологиялық тренингте 1-сыныптарда мектепке бейімделу тақырыбы қозғалса, 5-сыныптарда орта буынға бейімделу, 9-сыныптарда «Ең маңызды таңдау» тақырыптары аясында әңгіме қозғалған.

Оқушыларды ұстазды құрметтеуге, сыйлауға үйрету, ұстаз мамандығының қыры мен сырларын түсіндіру; ұстаз еңбегін әрқашан бағалай білуге үйрету мақсатында өткен «**Ұстаздар - ұлы тұлғалар**» тақырыбындағы мерекелік іс-шарада ардагер ұстаздардың еңбегі дәріптелген.

Мектеп кітапханасында «**Ұстаз ұлы есім**» атты кітап сөресіне ұстаздар туралы шығармалар, өлеңдер, фотосуреттер қойылып, оқырмандар назарына ұсынылған.

«**Волонтерлер қозғалысы**» аясында мектеп тәлімгерінің жетекшілігімен 9-сынып оқушылары арасында жалғыз тұратын ардагер ұстаздарға көмек ұйымдастырылған.

«5-қазан - Ұстаздар күніне» арналған 1-6 сынып оқушылары арасында «**Менің алғашқы ұстазым**» атты сурет көрмесінде қойылған оқушылардың ұстаздарына арналған ашық хаттары мен құттықтау суреттерінде және 1-11 сыныптар арасында «**Ұстазым, ақылшы дос**» тақырыбында ұйымдастырылған тәрбие сағаттарында оқушылар ұстазға деген құрметтерін көрсете білген. Мектеп тәлімгерінің ұйымдастыруымен өткен «**Дублерлер күнінде**» сынып

оқушылары өздерін мұғалімдік қызметте сынап, сабақ өткізіп, «**Ұстаздар – ұлы тұлғалар**» атты мерекелік жиында оқушылар ұстаздарға арнап концерт ұйымдастырған.

Абайдың «Толық адам» ілімін насихаттау мақсатында ұйымдастырылған Абай өлеңдерін мәнерлеп оқу сайысында 1-4 сынып оқушылары Абайдың оқу, білімге арналған өлеңдерін жатқа оқып бақтарын сынаған.

5-11 сынып ата-аналарымен отбасындағы бала тәрбиесіндегі әкенің ролін түсіндіру, позитивті көңіл-күй қалыптастыру мақсатында «**Әкем айтқан нақыл сөз**», «**Отбасылық дәстүрлер**» тақырыбында өткен жиналыс барысында әкенің ролі айқындалып, психологиялық тренинг ұйымдастырылған.

Қазақтың ұлттық киімдерін насихаттау мақсатында аптаның әр жұма күні өтетін «**Ұлттық киімдер**

**күні»** оқушылар, мұғалімдер қазақтың ұлттық киімдеріне деген құрметті дәріптеген.

Адалдық пен шындықтың адами қарым-қатынастағы мәнін түсіндіру мақсатында **«Адалдық – атадан қалған мұра»** тақырыбында өткен ата-ана жиналыстарында адалдық тақырыбы қаралып, пікірсайыстар жүргізілген. Нәтижесінде адам бойындағы асыл қасиеттердің бірі адалдық екендігі, оның өзі шыншылдық, айнымастық, шын берілгендік сияқты ұғымдармен сәйкес екендігі, қазақ пайымында адалдық-пәктік, ар-ұждан, жан тазалығы тәрізді қасиет екендігі сарапталған.

Қазақтың ырым-тиым сөздері арқылы тәрбие бере отырып, салт-дәстүрмен тереңірек таныстыру мақсатында 10-11 сынып оқушылары арасында **«Өнегелі өмір»** эссе байқауы ұйымдастырылып, оқушылар қазақтың ырым-тиым сөздерін талдай отырып, өнегелі өмір моделін құрастырған.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру, спортпен шұғылдануға баулу мақсатында 1-11 сынып оқушылары арасында өткен **«Денсаулықтың 6 шарты – таза ауа, дұрыс тамақтану, қозғалыс, тыныш ұйқы, көтеріңкі көңіл-күй, күйзеліске түспеу»** атты психологиялық тренингте оқушылар бойында салауаттылыққа, дұрыс тамақтану шарттары айтылып, «Спорт - денсаулық кепілі» деген қорытынды жасалған.

«Қоғамға қызмет ет» Волонтерлік қозғалыс жобасы аясында оқушылар бойында елжандылық, адамгершілік, қайырымдылық, ізгілік сияқты адами қасиеттерді сіңіру мақсатында

10 «А» сынып оқушыларынан тұратын еріктілер тобында өткен қайырымдылық акциялары, әлеуметтік бағдарланған флешмобтар мен челленджерге белсенді қатысып, тарихи жерлердің экологиялық «**ЖОМЕКен**» челленджінде Бестерек ауылындағы Чабданова Бақан, Бисмаков Сатыбалды аулаларын қоқыстан тазалап, ауыл экологиясына өз үлестерін қосқан.

